

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН  
«БАЛАЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ  
БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДА  
ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ»**

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ**

**МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ**

**ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В  
РЕЧЕВОМ РАЗВИТИИ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА ЧЕРЕЗ  
РАЗЛИЧНЫЕ ВИДЫ ДЕТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Нұр-Сұлтан,  
2019

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында  
әзірленген*

Ата-аналарға арналған «Балалардың түрлі іс-әрекетінде ерте жастағы балалардың тілін дамытуда ойын технологияларын қолдану» әдістемелік құралы. Нұр-Сұлтан, 2019 - 44 бет.

**Пікір жазғандар:**

С. Жиенбаева, п.ғ.д., профессор

Г. Ахунова, меңгеруші

Ж. Рахметова, әдіскер

Әдістемелік құрал балалардың түрлі іс-әрекеті арқылы ерте жастағы балалардың тілін дамыту мәселелерінде ата-аналардың арасында педагогикалық білімді насихаттау мақсатында әзірленген. Аталған құрал жас ата-аналарға, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша оқып жатқан ЖОО мен колледждердің студенттеріне және ата-аналар қауымына арналған.

Әдістемелік құрал «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2019 жылғы 6 қыркүйектегі №5 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2019 ж.

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Ерте жас — баланың танымдық және сөйлеу қабілеттерінің қарқынды даму кезеңі. Дұрыс сөйлей білуі оның дамуына, қоршаған орта мен онда өзін тануына әсер етеді.

Бүгінде ерте жастағы балаларда сөйлеу қызметіне әсер ететін жағымсыз факторлардың әсерінен ата-ананың үнемі «жұмысбасты» болып, балаға көп уақыт бөлмеуінен және баламен қарым-қатынастың жиі болмауынан балалардың сөйлеу белсенділігі төмендігі, балалардың көпшілігінің тілі өзінің жасына сәйкес емес екендігі, сөздік қордың жеткілікті дамымағаны және бала тілінің дөрекі екені байқалады. Сондықтан осы аталған түйінді мәселені шешуді ерте жастан бастап қолға алып, балалардың тілін қалыптастыруға ерекше мән берілуі қажет.

Балалардың сөйлеу әрекетін жетілдірудің маңызды алғышарты өз қалауымен тілдік қарым-қатынасқа белсенді қатысуға баланың ынтасының пайда болуына ықпал ететін, жағымды эмоционалдық көңіл-күй орнату болып табылады. Ал балалардың тілін дамытуға ықпал ететін жағымды көңіл-күй мен жағдаяттарды құруда ойын әрекеті жәрдемдеседі.

Балалардың тілін дамыту баланың ересектермен және айналасындағы адамдармен толыққанды қарым-қатынасы кезінде ғана мүмкін болады.

Осы құралдың мақсаты – балалардың түрлі іс-әрекеті арқылы ерте жастағы балалардың тілін дамыту мәселелерінде ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамыту үшін жағдай жасау;
- жаңа сөздік ойындарды үйрету арқылы балалардың сөздік қорын байыту,
- танымдық процестерді: зейінді, қиялды, есте сақтауды, ойлауды дамыту
- балалардың сөйлеуін дамыту мәселелерінде ата-аналардың құзыреттіліктерін арттыру.

Бала өмірінің алғашқы жылдары сөйлеуді меңгеруге қарқынды және оның алдағы дамуында маңызы зор кезең болып табылады.

Күтілетін нәтижелер:

- балалар үшін: бала ересектің айтқан барлық сөздерін түсінеді, оны қоршаған заттарды атайды, алғашқы жалпылауды жасайды, бірлескен әрекетке қатысты ересектің нұсқауларын түсінеді және орындайды;
- ата-аналар үшін: балалардың сөйлеуін дамыту мәселелерінде ата-аналардың құзыреттіліктерін арттыру, түрлі әрекеттер арқылы сөйлеуді белсендіру, ойын құралдарын, әдістерін, тәсілдерін игеру,

Осы құралда ата-аналар үшін келесі бөлімдер ұсынылған: «Ерте жастағы балалардың сөйлеуін қалыптастырудың ерекшеліктері», «Сөйлеуді дамыту үшін жағдай жасау», «Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытуда ойын технологияларын қолдану», «Баланың сөйлеуін қалыптастырудағы ересектердің рөлі».

## ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бала өмірінің алғашқы жарты жылдығында сөйлеген сөзді естуі қалыптасады, осы кезеңде бала «гуілдеп» қуанып дыбыстар шығара бастайды.

Ал екінші жартыжылдықта көбінесе баланың қимылдарымен байланысты кейбір дыбыстардың дыбыстық үндестікпен қайталануын аңғаруға болатын былдыр пайда болады. Осы кезеңде былдыр қол сермеумен үйлеседі.

1 жастың соңында бала ересектермен айтылған 10-20 сөзді түсінеді және ересектердің айтқан сөздеріне ұқсайтын бір немесе бірнеше алғашқы сөздерді айта бастайды. Балада алғашқы сөздің пайда болуымен оның психикалық дамуының жаңа кезеңі басталады. Ол баланың өзінің мінез-құлқын басқаруға және жаңаша тілдесу түрлеріне мүмкіндіктерді ашады.

Ресей ғалымы Е.А. Аркиннің зерттеулері бойынша белсенді сөздіктің артуы келесідей сандық ерекшеліктермен сипатталады:

- 1 жаста – 9 сөз;
- 1 жас 6 ай – 39 сөз;
- 2 жаста – 300 сөз;
- 3 жаста – 1500 сөзге дейін.

Екі жаста балада қоршаған ортаға қызығушылығы артады: ол барлығын көргісі, танығысы және қолымен ұстағысы келеді. Осы кезеңде баланың қалауы оның мүмкіндіктерінен де асып кетеді сондықтан бала ересектерге көмекке жүгінеді. Бала өзін қоршаған орта заттарын атай отырып, ересектің айтқан барлық сөздерін түсінеді.

Баланың сөйлеу белсенділігі артады. Оның тілдесу ортасы кеңейеді, ол тілдесудің арқылы тек жақын адамдарымен ғана емес сондай-ақ басқа да ересектермен және де басқа балалармен де қарым-қатынас жасай алады.

Баламен айтылған сөз ыммен және ишарамен сүйемелденеді. Мектепке дейінгі жаста белсенді сөйлеуді игеру жылдамдығы әр балада түрліше жүреді. Екі жастың соңғы айларында сөздік қор ерекше жылдам артады.

Зерттеушілер осы кезеңде баланың қолданатын сөздерінің саны бойынша сөйлеу қарқынының дамуының әр балада жеке-жеке түрлі қарқында болуын көрсете отырып, түрлі мәліметтерді келтіреді. Екі жастың соңында қарапайым сөз тіркестері қалыптасады. Сөз тіркесінің пайда болуында да айтарлықтай айырмашылық болады. Ол айырмашылықтардың мынадай себептері болуы мүмкін: тұқымқуалаушылық, естуі, тәрбие жағдайлары.

Қарапайым сөз тіркестері 2-3 сөзден тұрады және көбінесе баланың талаптарын білдіреді ("ана бер", "әке бар", "су ішем" және т.б.).

Егер балада 2,5 жаста қарапайым сөз тіркестері қалыптаспаған болса, онда оның сөйлеу қарқынының дамуы нормадан қалыс қалып қойғанын білдіреді. Екі жастың соңында олардың көбінесе «негізгі сөзді» сөз тіркесінің басына қойып, жағымды жауап беруі сөз тіркестеріне тән болып табылады.

Сөйлеу диалог түрінде болатын ересектермен және құрдастарымен бірге іске асырылатын практикалық әрекетпен тығыз байланысты. Оның

қалыптасуындағы маңызды рөл осылай тілдесу үлгілерімен және эталондарымен (ертегілер, әңгімелер) баланы таныстыратын ересекке байланысты.

Балалардың сөйлеуін дамытудағы маңызды бағыт оның жаңа түрлерінің пайда болуы болып табылады. Ерте жаста пайда болатын жағдаяттық сөз сөйлеу түрінде байқалмайды. Ол жағдаятты ескеріп, вербалді емес құралдарға (ым мен ишара) сүйеніп түсінікті болады. Бұлай тілдесу диалог түрінде болады және ол сезіммен тығыз байланысты.

Диалогтың тілдесу құралы ретінде мәні зор, себебі ол балалардың әлеуметтік қарым-қатынастарының дамуына ықпал етеді. Диалог арқылы балалар бір-бірін ортақ ойынға, айналасындағылармен тілдесуге баулиды. Кейбір балалар ересектермен де құрдастарымен де сөйлесе алмайды. Мұндай жағдайда ересек баланы балалардың сөйлесетін рөлі бар ойындарға тарта отырып, тілдесу тақырыптарын ойын жағдаяттарында айтуға немесе ертегілердің қысқаша қойылымдарын ойнауға баулуына болады.

Үш жаста сөзді түсіну көлемі мен сапасы бойынша да артады. Балалар тек нұсқау беріп сөйлеуді ғана емес әңгімені де түсінеді. Екі жастың соңы мен үш жастың басында дыбыстарды дұрыс айту қалыптасады. Бұл ересектердің айтатын сөзіне талаптарды арттырады. Осы кезде балаға ересекпен айтылатын сөздерінің, дыбыстардың дұрыс, анық болуы ал ырғақтың өте шапшаң болмауы маңызды. Егер балаға қарайтын ересектің тілінде сақаулық, тілін шайнап сөйлеушілік, кекештік дефектілері болса, онда бұл дефектілерді бала қайталап айтатын болады.

### 1 кесте. Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытудың негізгі кезеңдері

Жасы	Сөйлеу дағдылары
1 жас	Бір сөзді сөйлемдердің пайда болуы
1 жас 3 ай	Сөздік қордағы сөздің саны 30 дейін артуы
1 жас 6 ай	Сөздік қордағы сөздің саны 40-50 дейін артуы, жиі еститін сөздерді қайталайды
1.5-2 жас	Сөз тіркесінің, екі сөйлемді сөздердің пайда болуы
2 жас	«Мынау не?», «Қайда?» сұрақтарының пайда болуы
2 жастың соңында	Сөздік қордағы сөздердің саны 200-300 дейін артады. Сын есімді, есімдікті қолдана бастайды
2 жаста	Үш сөзден тұратын сөйлемдердің пайда болуы
2 жас 6 ай	Жайылма (көп сөзді) сөйлемдердің пайда болуы
2 жас 6 айдан 3 жасқа дейін	Құрмалас сөйлемдерді қолданып, белсенді сөйлеу кезінде дыбыстарды айтуда қиындық сақталады
3 жаста	Сөздік қордағы сөздің саны 800-1000 дейін. «Қашан?», «Неге?» сұрақтарының пайда болуы

## СӨЙЛЕУДІ ДАМУҒА ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

Баланың сөйлеу әрекеті ойын аймағының құрылуына, оның ойыншықтармен жабдықталуына және олардың орналасуына, дербес әрекет үшін қол жетімділігіне байланысты.

Үйде балалар үшін орын бөлу әрдайым мүмкін болмайды, бірақ, бөлме кеңістігі баланың шағын болса да, жеке ойын бұрышы болатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс. Ерте жастағы балалар қоршаған ортаны сезім мүшелерінің көмегімен зерттеп, таниды. Сондықтан баланың сөйлеуі, ойнауы, сенсорлық дамуы және қимыл әрекеті үшін кеңістік болуы қажет.

Ойын кеңістігін ұйымдастыруда баланың барлық қажеттіліктері, мінез-құлық, темперамент ерекшеліктері, қалауы мен сұраныстары ескерілуі тиіс. Өте ширақ балалар үшін қимылды ойындарға көбірек орын босатылуы, ал сабырлы балаларға өздері жеке болуы үшін оңаша орын қажет.

Ойын кеңістігін жалпы бөлмеден шымылдықпен, пердемен, егер бөлменің көлемі мүмкіндік берсе, киім-кешек шкафымен де бөлуге болады. Шымылдықты жинауға және қажет болған жағдайда қоюға болатындықтан, ол ыңғайлы болып келеді. Шымылдықты жинағанда бөлменің іші кеңейеді, шымылдықты қойғанда баланың ойнауы үшін бұрыш пайда болады.

Шағын биіктікте тартылған перде – қажетті заттың бірі. Ол балалар бұрышын бөліп қана қоймайды, сондай-ақ қуыршақ театры үшін шымылдық болуы мүмкін.

Ойын аймағында сөрелерге ойындар мен ойыншықтар, түрлі «дамытушы ойындар», шығармашылыққа арналған материалдар, таныс тақпақтар мен ертегілердің кейіпкерлері, жиналмалы-кітаптар, суретті кітапшалар орналастырылған бұрыш ерекше орын алады. Мұнда үстел үсті ойындары, қуыршақ және саусақ театрын орналастыруға болады, осының барлығы бірден балалардың назарын өзіне тартады.

Балалар бөлмесіндегі қажетті орындардың бірі – қимылды және басқа ойындарға арналған кеңістік, әдетте, бұл бөлменің орталығы. Бұл жерге жиі қойылмайды, сондықтан баланың текшелерден үй салып және машинаны жүргізуіне қауіпсіз орын болып табылады. Ойын аймағына балаға ыңғайлы және еденде отырғанда суық болмауы үшін суреттері бар балалар кілемшесі төселуі қажет.

Саусақ ойындары жағымды эмоционалдық көңіл-күй тудырады, балалардың ересектерге еліктеуін дамытады, сөзді тыңдауға және оның мағынасын түсінуге үйретеді. Жаттығуларды және ырғақты қимылдарды саусақтармен орындау сөйлеуді дамытуға ынталандырады. Барлық жаттығуларды меңгеру нәтижесінде қол буындары мен саусақтардың күші артады, олардың қимылдары мен икемділігі жақсарады, бұл келешекте жазу дағдыларын меңгеруді жеңілдетеді.

Балаларға арналған орын терезеге жақын орналастырылуы керек, онда балалар үстелі мен орындықтар қойылуы мүмкін. Бұл қарапайым, бірақ бала үшін қажетті құрылғы. Бала үстел басында отырып, ұсақ ойыншықтармен, баулармен ойнайды, пазлдар мен мозаикаларды жинайды, кітапшаларды

қарастырады, дәптерлерде тапсырмаларды орындайды, мүсіндейді, сурет салады және кез келген шығармашылық жұмыспен айналыса алады.

Ерте жастағы балалар үшін сенсомоторлық, сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамытатын «Сиқырлы кілемше» ойын құралының болуы пайдасын тигізеді. Бұл құрал: дамытушы, диагностикалық, коммуникативтік, ойын терапиясы, ойын-сауық қызметін атқарады.

Балалардың ойындары үшін мынадай ойыншықтар болуы қажет:

- 4-5 сақинадан тұратын конустық негіздегі пирамидалар;
- қосымша пішіндер; «Лего» конструкторлары»;
- құрастыру-бөлшектеу ойыншықтары; ірі және ұсақ мозаикалар;
- дыбыс шығаратын ойыншықтар (ысқырықтар, бубендер, барабандар, сылдырмақтар және т. б.);
- лото, пазлдар, кесілген суреттері бар жиналмалы текшелер;
- суреттер жиынтығы: жануарлар, жануарлар төлдерімен, құстар, көкөністер, жемістер, киімдер, ыдыс-аяқ, жиһаз, көлік, тұрмыстық заттар.

Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамыту әдістері:

- *көрнекілік*: тірі нысандарды бақылау (мысық, ит, құс және т.б.), табиғатты бақылау, аулаға, баққа экскурсия, ойыншықтарды, заттар мен суреттерді қарастыру, өнімді әрекет түрлері (мүсіндеу, сурет салу);

- *практикалық*: дидактикалық ойындар мен жаттығулар, дамытушы ойындар, драматизация ойындары, ойын-тосын сый, саусақ ойындары;

- *сөздік*: көрнекілік қолданып, тақпақтар, өлеңдер, ертегілер оқу; әңгіме оқу және мазмұндап беру, тақпақ жаттау.

Сөздік қорды дамытуға арналған ойындар: «Ертегілер елінде», «Сурет бойынша әңгімелеп беру», «Ертегіні жалғастыр» және т.б.

Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытудың мақсаты: белсенді сөйлеуді меңгерту; сұрақтар мен өтініштерді қолдана білуге, ересектердің сөзін түсінуге үйрету, айналасындағы заттар мен ойыншықтардың атауларын үйрету; ересектермен қарым-қатынас жасауға және оларға еліктеуге ынталандыру.

## **ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ**

Сөйлеуді меңгеру үшін ерте жас ерекше қолайлы кезең болып табылады.

Ойын технологиясының мақсаты – баланың мінез-құлқын өзгерту және оны арнайы мінез-құлық дағдыларына үйрету емес, балаға ойында өзін толғандыратын жағдайды «бастан кешіруге» мүмкіндік беру.

Ойын технологиясының міндеттері:

- практикалық әрекетке қажетті белгілі бір біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- баланың сөздік қорын байыту;
- тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру;
- дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

-коммуникативтік құрал ретінде диалогтік сөйлеуді дамыту (белсенділікті, бастамашылдықты, дербестікті дамыту);

- айналасындағы адамдармен мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Ересектер білім беру процесінде ойын технологиясын қолдана отырып, тілектестік, эмоционалды қолдауды жүзеге асыра білуі, қуанышты жағдай жасап, баланың кез келген ойын және қиялын көтермелеуі қажет. Тек осы жағдайда ойын баланың дамуы үшін және ересектермен ынтымақтастықта оң ахуал орнатуға пайдасын тигізеді.

Одан әрі ойын режимдік сәттерді орындаумен байланысты балалардың барлық танымдық, тілдік, ойын, қимыл-қозғалыс, өнімді әрекет түрлеріне енеді.

Балаларға зор қуаныш сыйлайтын халық ойындары, әндер, тақпақтар кеңінен қолданылады. Балалардың сөйлеуі олардың практикалық заттық әрекеттерімен тығыз байланысты. Бала тап осы сәтте не көріп, не істеп жатқанын ғана айта алады, сондықтан белгілі бір әрекеттермен сөздерді байланыстыру балалардың белсенді сөйлеуін қалыптастырудың маңызды шарты.

Халық ауыз әдебиеті шығармаларының көпшілігі баланың қимыл белсенділігін дамыту мақсатында құрылған, ол сөйлеу белсенділігін қалыптастырумен тығыз байланысты. Балаға мейіріммен қарау эмоционалды жағымды көңіл-күй тудырады, баланы тыныштандырады, қуаныш сыйлайды. Осындай мейірімнің арқасында бала қолдың ұсақ моторикасы арқылы ересектен кейін шығарманың мазмұнын қайталауға тырысады (мысалы, саусақ ойынында) және сол арқылы сөздік қорын толықтырады.

Сөйлеу әрекетін белсендірудің тәсілі жауап әрекетпен берілетін әртүрлі тапсырмалар болуы мүмкін: апар, көрсет, таңда, әкел және т. б.

Қимылды ойындарда ересектермен бірге сөздерді айту арқылы балалардың сөйлеуге ынтасы пайда болады. Сөйлеу мен ойын арасында екі жақты байланыс бар. Бір жағынан, сөйлеу ойын барысында дамиды және белсендіріледі, ал екінші жағынан-ойын сөйлеуді дамытудың ықпалымен дамиды. Бала әрекеттерін, ойлары мен сезімдерін сөзбен білдіреді. Сондықтан сөздік қорды байыту және балалардың сөйлеуін белсендіру міндеті үнемі жүзеге асырылуы тиіс.

### **Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытудағы ойын құралдары:**

Сөйлеуді дамыту үшін ойын әрекетінің барлық түрлері қолданылады: қимылды, саусақ, дидактикалық, үстел үсті және драматизация ойындары, сондай –ақ көркем әдебиет пен фольклорды қабылдау.

Мысалы:

-**тақпақтар** баланың сөйлеуін дамыту процесін ынталандырады (мысалы, үй жануарларын таныстыруда қолданылады)

Ала мысық тырнама,

Тырнағаның бола ма?

Ұстайыншы қолыңнан,

Ойнайық, ер соңымнан.

-**қимылдармен сүйемелденетін тақпақтар:**

Сылдырлайды мөлдір су

Мөлдір суға қолыңды жу (қол жуу қимылын жасау)



Жуынсаң сен әрдайым  
Таза бетің, маңдайың (*бетін, маңдайын сипау*)  
Тазалықтың досы –  
Су дегенің осы.

**Қуырмаш** (*ойын-өлең*)

Қуыр-қуыр, қуырмаш!

Тауықтарға тары шаш:  
Бас бармақ, Балаң үйрек,  
Орған терек,  
Шылдыр шүмек,  
Кішкене бөбек:  
Сен тұр - қозыңа бар!  
Сен тұр - қойыңа бар!  
Сен тұр - жылқыңа бар!  
Сен тұр - сиырыңа бар!  
Сен қария,  
Қазан түбін жалап,  
Үйде жат!  
Мына жерде құрт бар,  
Мына жерде май бар...  
Қытық! Қытық!

Ересек баланың саусақтарын санап, жұдырыққа түйіп, одан соң әрбір саусаққа «жұмыс» беріп, іске жұмсап, жұдырығын жазады, алақанды қытықтайды.

- қысқа әңгімелерді, тақпақтарды тыңдаумен байланысты **әртүрлі еліктеуші жаттығулар** («Ақ қоян», «Қуыршақ»). Ақыл-ой және сөйлеу әрекетінің қалыптасуында қимылмен ұштастырылған сөздің маңызы зор.

-**ұлттық ойындар** балалардың қимылдарын дамытады, ептілікті, шапшаңдықты жетілдіреді («Тақия тастамақ», «Соқыр теке», «Ақ серек, көк серек»).

-**драматизация ойындары мен сахналау** көркем әдебиетпен таныстыруда жиі қолданылады. Педагогтың міндеті – балаларды белгілі бір кейіпкердің атынан мәтінді айтуға үйретіп қоймай, сондай-ақ осы кейіпкерді қимылмен, ым-ишарамен көрсетуге үйрету.

-**суреттер қарастыру**. Балалар ұсақ форматтағы иллюстрацияларды, суреттерді қарастырады. Мақсаты-балаларды сөздің мағынасын түсінуге үйрету және бейнені атауға дағдыландыру.

«**Сиқырлы қапшық**». Педагогтер бұл ойынды кеңінен қолданады, ол балалардың түрлі заттарды ажыратуына, белсенді сөйлеуін дамытуға ықпал етеді. Ойынға ұсақ ойыншықтар, суреттер, түрлі тұрмыстық заттар пайдаланылады. Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

«**Жасырған ойыншықты іздеу**». Бұл ойынға кейбір ойыншықтар 2-3 данадан таңдалуы, ойыншықтар қатысушы балалардың санынан артық болуы тиіс. Осы

жастағы балалар әлі де іздей алмайтындықтан, ойыншықтарды балаларға көрінетіндей етіп жасыру қажет. Бала ойыншықты тапқан кезде оның қалай аталатынын, түсінің қандай екендігін сұрап, яғни жетекші сұрақтар қойылуы керек.

**Табиғи материалдармен ойындар** (күм, су, ағаш, қағаз). Бала табиғи материалдарды ұстайды, олардың қасиеттерімен танысады, эксперимент жасайды, бұл баланың сөйлеуін және танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

**Тұзды қамырдан мүсіндеу** - қамырмен мүсіндеуде балаларға мүсіндеу тәсілдері мен жұмыстың орындалу реттілігі айтылады, ол қолдың ұсақ моторикасын, шығармашылық ойлауды дамытады, құрдастар арасындағы өзара қарым – қатынастың нығаюына ықпал етеді.

**Ойын – эксперимент.** Сумен ойындар ұйымдастыруға болады.

Судың қасиеттерімен таныстыру:

- су сұйық, төгіледі (оны шүберекпен сүртіп алуға болады);
- су ыстық, жылы және суық күйде болады (ұстап көру, ыстық суды қалай суытуға болады);
- су таза, мөлдір, судан бәрі көрінеді (суды стақандағы сүтпен салыстыру);
- суды ыдысқа құюға болады (балаларға суды ыдысқа құюға мүмкіндік беру);
- суға бояғыш зат қосып, оны бояуға болады (шәй, кофе, гуашь және т.б.).

**Саусақ театры.** Ертегілерді және түрлі сюжеттерді саусақ театрының пішіндерімен сахналау балалардың қиялын дамытады, сөздік қорын байытады, сөйлемдерді дұрыс және толық құрастыруын жетілдіреді.

Қуыршақ терапиясы - бұл алған білімді кеңейту және бекіту үшін балаларға кешенді ықпал ету әдісі. Қуыршақ терапиясы барысында қолдың ұсақ моторикасы мен қимылдардың үйлесімділігі дамиды, күнделікті өмірде бала қандай да бір себептерге байланысты өзін таныта бермейтін эмоциялары мен сезімдерін білдіру тәсілдері жетілдіріледі.

**Театрландырылған әрекет** балаларды қызықтыруға, олардың назарын аударуға және ең бастысы, ерте жастағы балаларға сөзбен ойын жеткізуге мүмкіндік береді. Театрландырылған әрекетті қолданып, қуыршақтар арқылы балаға қолды қалай дұрыс жууды, сүлгіні пайдалануды, қасықты дұрыс ұстауды, майлықты қолдануды үйретуге болады.

Балалармен жұмыс жүргізуде ата-аналар балалардың сөйлеуін дамыту үшін бірнеше әдістемелерді белсенді қолданады: мнемотехника, үстел үсті ойындары және т.б.

Осылайша, ойын технологиялары баланың сөйлеуін дамытуға елеулі ықпал етеді. Қуыршақ театры ойынында диалогтік сөйлеу қарқынды дамиды, түрлі жағдаяттарда қарым-қатынас жасау тәжірибесі жетілдіріледі, сөздік қор байытылады.

## БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРДІҢ РӨЛІ

Ересектердің міндеті — бұл ерте жастағы балалардың белсенді, коммуникативтік сөйлеуін дамыту. Ол үшін баламен үнемі сөйлесіп қана қоймай, пікір алмасуға баулуымыз тиіс. Баланың өз сөзі басқаларға еліктеу арқылы дамымайды. Дамудың алғашқы кезеңдерінде баланың сөзі заттық әрекеттермен байланысты және олардан ажырамайды. Осы кезеңде бала тек қана көргенін және қазіргі әрекетін айта алады.

Бір жастан бастап – сөйлеуге үйретудің дайындық кезеңінде ересек пен баланың өзара қарым-қатынасының негізгі мазмұны, эмоционалдық қарым – қатынасқа негіз болып табылады. Бала үлкендердің күлкісіне күліп жауап береді, жылы сөзге дыбыстармен жауап береді.

Қарым-қатынас қажеттілігі баланың ересектермен бірлескен әрекетінің сипатына байланысты мазмұны бойынша өзгереді.

**Баланың ересектермен қарым-қатынас жасау қажеттілігін дамытудың бірнеше кезеңдері бар:**

1. Ересектердің ықыласына және мейірімділігіне қажеттілік. Бұл баланың өмірінің алғашқы жарты жылдығындағы оның жақсы дамуына қажетті жағдай болып табылады.

2. Ересекпен ынтымақтастыққа немесе қарым-қатынас жасауға қажеттілік. Қарым-қатынас қажеттілігінің мұндай мазмұны балада еркін ұстауды меңгергеннен кейін пайда болады.

3. Ересектердің құрметпен қарау қажеттілігі. Ол балалардың танымдық іс-әрекеті аясында пайда болады.

4. Өзара түсіністік және ересектердің жанашырлық танытуы.

Екінші жартыжылдықта бала ересектермен күрделі өзара әрекетке ауысады: ол дыбыстық және үндестік екі түрлі параметрлерге бөлінеді. Екі жасқа келгенде сөз ересектермен қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылады. Ым мен ишара бірте-бірте азая бастайды.

Сөздің көмегімен өз мінез-құлқын басқару қабілеті пайда болады.

Егер баланың 2 жасқа дейінгі іс-әрекеті негізінен қабылданатын жағдайлармен анықталса, онда ерте жастың екінші жартысында баланың мінез-құлқын сөйлеу арқылы реттеу мүмкіндігі пайда болады, яғни ересек адамның ауызша нұсқауларын орындау.

Үш жастағы баланың қарым-қатынасқа деген қажеттілігі күрт күшейеді. Бұл жылы жалпы қолданылатын сөздердің көлемі тез артып қана қоймай, екі жастан бастап сөйлеу қабілеті арта бастайды.

Бұл ретте ересек адам балаға жиі жүгінеді, сұрақтар қояды. Бірақ баладан дереу жауап талап етпеу керек. Ересек сұрақ қояды, үзіліс жасайды, содан кейін сұраққа өзі жауап береді. Бала заттың атауын бірнеше рет естігеннен кейін оны алып, сезіп, қарап, онымен әрекет жасағаннан кейін баладан таныс затты әкелуді

(көрсетуді, табуды, беруді) немесе онымен қандай да бір іс-әрекет жасауды сұрауға болады.

Ересектердің сөйлеу саясаты. Ересектердің сөйлеуіне ерекше талаптар қойылады. Ол дұрыс, айқын, салмақты, эмоционалды әсерлі, мәнерлі, қалыпты, мейірімді болуы керек. Баланы әрдайым мұқият және қызығушылықпен тыңдап, балаларды белгілі бір тақырыпқа сөйлесуге баули отырып, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауға көмектесу қажет.

Балалар үшін бақылау – үлкен жаңалық, олар үшін жаңа ақпараттың қайнар көзі болып табылады. Ересек адамның көзқарасы бойынша бала ең қарапайым, елеусіз оқиғаларды үлкен ықыласпен қадағалайды. Бақылауды ұйымдастыра отырып, балаға қоршаған ортаның заттары мен құбылыстары туралы түсінікті және жан-жақты түсіндіруге болады.

Сөйлеу қабілеттерінің даму деңгейіне балалардың білімді одан әрі игеруі және толыққанды дамуы тығыз байланысты. Қазіргі заманғы ата-аналар өз балаларына кітаптарды аз оқиды немесе тіпте оқымайды, диалогтық сөйлеуге тартпайды, сондықтан балалардың сөзі ерекше мәнерлігімен ерекшеленбейді, қысқа жауаптармен шектеледі.

Балалардың әрекетіне оң баға беру қажет. Сондықтан да кез-келген мардымсыз көзге көрінбейтін жетістіктердің өзін атап өту керек. Сәтсіз болған жағдайда оларға назар аудармай, мысалы: «сенің қолыңнан келеді» деп, баланы көтермелеп отыру қажет.

Осылайша, балалармен сөйлесудің мақсатқа сай болуы мен ойластырылуы олардың сөздік қорын толықтыруға, белсенді сөздік қордың артуына ықпал етеді.

#### Құрдастарымен тілдесу және қарым-қатынас жасау

Ерте жаста баланың тіршілік әрекетінің тағы бір өте маңызды саласы - оның тілдесуі және құрдастарымен өзара қарым-қатынасы пайда болады.

Құрдастарына деген қажеттілік ерте жаста басты орында емес, баланың дамуының басты көзі ретінде қарастырылмайды, балалардың өзара әрекеттерінің алғашқы түрлері баланың жеке басын дамыту және тұлғааралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін маңызды рөл атқарады.

А. Н. Гвоздектің, М. И. Лисинаның және т. б. зерттеулері көрсеткендей, құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі үш жастан бастап пайда болады. Бұл жаста қарым-қатынас эмоциялық-практикалық өзара іс-әрекетті білдіретін ерекше мазмұнды болады. Мұндай өзара іс-әрекетте бір-біріне еліктеу ерекше орын алады. Балалар бір-біріне ортақ қимылдармен және эмоциялармен әсер ететін болса және осы арқылы өзара ортақтықты сезінеді. Мұндай өзара іс-әрекет балаға өзіне тең басқа адаммен ұқсастық сезімін береді. Ұқсастықтар мен ортақтықты бастан кешіру қуанышқа бөлейді және өзін сезінуге ықпал етеді.

Осы жаста балалар ойыншықтармен, суреттермен, үй жануарларымен сөйлесе бастайды.

1 жастан 3 жасқа дейінгі кезеңде сөйлеудің дамуы маңызды болып табылады, ол басқаларға түсінікті және басқалармен қарым-қатынас жасау және

өзін басқару құралы ретінде қолданылады. Балалардың сөйлеуін дамытуда отбасында үлкендер баланың ата-анасы мен жақындары жетекші рөл атқарады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ерте балалық шақ-баланың қарқынды даму кезеңі болып табылады. Осы жасқа тән маңызды жетістік ол басқаларға түсінікті және басқалармен қарым-қатынас жасау және өзін басқару құралы ретінде қолданатын сөйлеуді дамыту.

Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытуда ойын технологияларын қолдану ересектермен ынтымақтастық пен жағымды жағдайды құру арқылы жүзеге асырылады. Ойында бала қоршаған әлем туралы білімді белсенді игеруге, сөздікті байытуға, қоғамда дұрыс мінез-құлық дағдыларын игеруге мүмкіндік алады.

Сөйлеуді дамытуда ересектер балабақшада тәрбиешілер, отбасында ата - аналар мен жақындары жетекші рөл атқарады.

Балалардың сөйлеуді табысты игеруі көбінесе ересектердің сөйлеу мәдениетіне, баламен тілдесуіне оған қанша көңіл бөлуіне байланысты болады.

Ойын технологияларын пайдалану жеке тұлғаға бағытталған технологияларды табысты іске асыруды, баланың өзіндік сөйлеу немесе мінез-құлық іс-әрекетіне деген қажеттілігінің барынша қанағаттануын қамтамасыз етеді.

Осылайша, ерте жастағы балалардың сөйлеуін түрлі ойын технологияларын пайдалана отырып, мақсатты дамыту жеңіл жүреді, ол балалардың жағымды психикалық дамуын қамтамасыз етеді.

## Мазмұны

Түсіндірме жазба.....	3
Ерте жастағы балалардың сөйлеуін қалыптастырудың ерекшеліктері.....	4
Сөйлеуді дамыту үшін жағдай жасау.....	6
Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытуда ойын технологияларын қолдану.....	7
Баланың сөйлеуін қалыптастырудағы ересектердің рөлі.....	11
Қорытынды.....	14
Қосымша .....	16

**Ерте жастағы балаларға арналған бой сергіту өлеңдері**

Бала, бала, балақан (қолдарын көтеріп)  
Кәне, қайсы алақан? (алақандарын көрсету)  
Саусақтарың әйбәт (саусақтарын қимылдату, ойнату)  
Былай, былай ойнат.

\*\*\*

Аю, аю тұршы (орындарынан тұру)  
Бетінді жушы (екі қолымен бет жуу)  
Айнаға қарашы (айнаға қарау қимылы)  
Шашыңды тарашы (шаш тарау қимылын жасау).

\*\*\*

Күнге қарайық (шеңберге тұру),  
Шашымызды тарайық (бастарын жоғары көтеру).  
Керіліп, дем алайық (күнге созылу),  
Бойымызды жазайық (қолды белге қою).

\*\*\*

Сылдырлайды мөлдір су  
Мөлдір суға қолыңды жу (қол жуу қимылын жасау)  
Жуынсаң сен әрдайым  
Таза бетің, маңдайың (бетін, маңдайын сипау)  
Тазалықтың досы –  
Су дегенің осы.

\*\*\*

Орнымыздан тұрайық  
Аяқты нық басайық (бір орында жүру)  
Бір отырып, бір тұрып (тізе бүгіп отырып, тұру)  
Біз демалып алайық (орнына отыру).

\*\*\*

Орнымыздан тұрамыз (өлең мазмұнына сәйкес іс-қимылдар жасату)  
Қолды белге қоямыз  
Иілеміз оңға бір  
Иілеміз солға бір  
Жоғары қолды созамыз  
Аяқтың ұшында тұрамыз  
Бір отырып, бір тұрып  
Біз тынығып аламыз.

\*\*\*



Саусақтарым дем алып (орындарынан тұрып)  
Қайта сурет салады (саусақтарын қимылдату)  
Аяқтарым секіріп (қолдарын белге қою)  
Қуаттанып қалады (орындарында секіру).

\*\*\*

Қане, қайсы алақан, (орындарынан тұру)  
біз– кішкентай балапан (алақандарын көрсету)  
Аралардың нәрі (гүлдің қимылын көрсету)  
Бау-бақшаның сәні. (гүл)

\*\*\*

Орнымыздан тұрамыз (орындарынан тұру)  
Екі қолды созамыз (қолдарын екі жаққа сермеп)  
Құс боп қанат қағамыз (құстың қанаттарын келтіру)  
Бір отырып, бір тұрып  
Орнымызды табамыз.

\*\*\*

Үлкен шеңбер құрайық (өлең мазмұнына сәйкес іс-қимылдар)  
Құсша қанат қағайық  
Бір отырып, бір тұрып  
Тынығып біз алайық.

\*\*\*

Алақай-ау алақай (орындарынан тұру)  
Қандай жақсы көктем ай (алақан соғу)  
Нұр жамылды даламыз (қолдарын жоғары көтеру, бұлғау)  
Келді ауылға көп торғай (құсша қанат қағу).

\*\*\*

Екі қолды жоғары (өлең мазмұнына сәйкес іс-қимылдар көрсету)  
Сәл көтерсек болады  
Енді оны бөгелмей  
Түсірейік төменге  
Міне былай ...  
Қарайық  
Құстай қанат қағайық  
1,2  
1,2  
Жаттығайық бір келкі.

\*\*\*

Ал, балалар тұрайық (өлең мазмұнына сәйкес іс-әрекеттер жасау)

Алақанды ұрайық,  
Бір отырып, бір тұрып  
Біз тынығып алайық.  
Қарлығашқа ұқсайық  
Кәне қанат жазайық  
Ұшып, ұшып алайық  
Орнымызды табайық.

\*\*\*

Топ, топ, топ, топ басайық (шеңберге тұру)  
Жалаудан күн жасайық (жалаушаларын көтеру)  
Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты нық басып жүру)  
Жаса, жаса, алтын күн

\*\*\*

Санайық жаңаша, (шеңбер құру)  
Бір, екі, үш! (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасату)  
Желбіре жалауша,  
Достықта біздің күш.

\*\*\*

Секірейік, жүгірейік (бір орында секіру, жүгіру)  
Қуанайық, күлейік (бір-біріне қарап күлімсіреу)  
Отырайық, дем алайық (жүресінен отыру, дем алу)  
Дем алып – ап, жүрейік (тұру, бір орында жүру).

\*\*\*

Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)  
Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)  
Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию)  
Бірге күліп жүреміз.

Қызыл-жасыл даланы

Кезгін келсе шамалы,  
Татқың келсе басқа дәм,  
Қошақаным, бас қадам

Оңға қарай БІР атта –  
Бас қоясың бұлаққа.  
Солға қарай БІР атта –  
Тойындасың құрыққа.

БІР,  
ЕКІ,  
ҮШ,  
ТӨРТ атта,  
Жүгір,  
Секір,  
жортақта.  
Тамақ өзі келмейді  
үйден шықпас қорқаққа.

## Өлендер

### Қуырмаш (ойын-өлең)

Қуыр-қуыр, қуырмаш!  
Тауықтарға тары шаш:  
Бас бармақ, Балаң үйрек,  
Ортан терек,  
Шылдыр шүмек,  
Кішкене бөбек:  
Сен тұр - қозыңа бар!  
Сен тұр - қойыңа бар!  
Сен тұр - жылқыңа бар!  
Сен тұр - сиырыңа бар!  
Сен,  
Қазан түбін жалап,  
Үйде жат!  
Мына жерде құрт бар,  
Мына жерде май бар...  
Қытық! Қытық!

### Қуыршақ

Қуыршақ, қуыршақ,  
Таза суға жуынсақ.  
Қол ұстасып, дос болып,  
Бақ ішінде қыдырсақ.

### Ойыншықтар

Ойыншықтар көп екен,  
Бірге ойнайық, балақай.

Көгорай шалғын көк екен,  
Жарысайық, алақай!

### **Жақсылықты қолдаймыз**

Жақсылықты қолдаймыз,  
Табиғатты қорғаймыз.  
Гүл егеміз бақтарға,  
Айналасын қоршаймыз.

### **Әдептілік**

Біз әдепті баламыз,  
Айтқан тілді аламыз.  
Үлкендерге жол беріп,  
Біз ақылды боламыз.

### **Табиғатты аялаймыз**

Табиғат біздің анамыз,  
Жер–Ана біздің панамыз.  
Таза болса табиғат  
Біз де аман боламыз.  
Ағаштарды сындырмай,  
Тазалықты сақтайық.  
Гүл өсіріп, су құйып,  
Табиғатты қорғайық.

### **Бұзау**

Тентек болма, ақ бұзау,  
Еріншек болма, ақ бұзау.  
Кең далада сенімен,  
Жарысып мен жүгірем.

### **Ала мысық.**

Ала мысық тырнама,  
Тырнағаның бола ма?  
Ұстайыншы қолыңнан,  
Ойнайық, ер соңымнан.

### **Ақ қоян**

Ақ қоян-ау, ақ қоян,  
Ұзын құлақ сақ қоян,  
Қаша берсең орманға  
«Қорқағым» деп ат қоям.

### **Менің отбасым**

Бас бармағым -атам,  
Балалы үйрек – әжем,  
Ортан терек - әкем,  
Шылдыр шүмек – анам,  
Кішкене бөбек – мен.  
Міне, менің барлық отбасым.

### **Анама**

Мәпелеп мені өсірген  
Ризамын мен өзіңе.  
Ана деген керемет,  
Сыйлап өтем өмірде.

### **Ана**

Келбетіңде ұлылық  
Даладан кең пейілі  
Ана деген- жылылық  
Ана деген- мейірім.

### **Менің әжем**

Менің әжем, ақ әжем,  
Ұл мен қыздың бағы әжем.  
Ертегі айтып бер десең,  
Айтып берер тағы әжем.

### **Көктем**

Көктем болды алақай,  
Қуанар барлық балақай.  
Көктемде жаңбыр жауады,  
Бақшаға гүлдер толады.

### **Көктемде**

Көктем, көктем, көктем де,  
Құстар келіп жеткенде.  
Қуанып бір қаламыз,  
Әнмен қарсы аламыз.

### **Күз**

Шаттандырып біздерді,  
Шат-шадыман күз келді.  
Шатыр тікті сары алтын,

Шартараптың бәрі алтын.

### **Жаз келді**

Жайқалып жапырақ,  
Құлпырып қызғалдақ.  
Тұратын көз тартып,  
Жаз келді, күн шуақ.

### **Саусақ жаттығулары**

#### **«Сәбіз салаты» саусақ ойыны**

Сәбізді алып тазалаймыз ( оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз ( екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)

Қант сеуіп дәмдейміз ( саусақтардың ұшымен қант себеді)

Міне дайын нәр тағам ( екі қолын алдына жайып көрсетеді).

Дәруменге бай тағам ( алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).

#### **«Кірпі» жаттығуы**

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме жарайма!

#### **«Қимылды қайтала» жаттығуы**

Мақсаты : қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

Жаттығу барысы : балаға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «пішінді» көрсету ( кейбір саусақтар бұгулі, ал кейбіреуі жазулы, әртүрлі қимылдар), ал бала қимылдарды тура солай қайталау керек.

*Разработаны на базе Республиканского центра «Дошкольное детство»  
Министерства образования и науки Республики Казахстан*

Методическое пособие для родителей «Использование игровых технологий в речевом развитии детей раннего возраста через различные виды детской деятельности», Нур-Султан, 2019 - 44 стр.

**Рецензенты:**

Жиенбаева С., д.п.н., профессор  
Ахунова Г., заведующая  
Рахметова Ж., методист

Методическое пособие разработано с целью пропаганды педагогических знаний среди родителей в вопросах речевого развития детей раннего возраста через различные виды детской деятельности. Данное пособие предназначено молодым родителям, студентам ВУЗов и колледжей, обучающихся по специальности «Дошкольное воспитание и обучение», а также широкому кругу родительской общественности.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Республиканского центра «Дошкольное детство» (протокол № 5 от 6 сентября 2019 г.)

Республиканского центр  
«Дошкольное детство» 2019 г.

## ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Ранний возраст — это период стремительного развития познавательных и речевых способностей ребенка. От качества речи зависит очень многое: развитие, обучение, познание окружающего мира и себя в нём.

В настоящее время у детей раннего возраста снижена речевая активность, что обусловлено рядом негативных факторов, влияющих на речевую функцию: ухудшение состояния здоровья детей; родители в силу занятости, меньше времени стали уделять «живому» общению с детьми. Речь многих детей бедна и примитивна, т. е. не соответствует возрастным особенностям. Поэтому заботиться о своевременном формировании речи детей, нужно с раннего детства.

Важнейшей предпосылкой совершенствования речевой деятельности детей является создание эмоционально благоприятной ситуации, которая способствует возникновению желания активно участвовать в речевом общении. Именно игровая деятельность помогает создать такие ситуации, в которых развивается речь детей.

Речевое развитие возможно только при полноценном общении ребенка со взрослыми.

**Цель** данного пособия – оказание методической помощи родителям в вопросах речевого развития детей раннего возраста через различные виды детской деятельности.

**Задачи:**

- создание условий для речевого развития детей раннего возраста;
- обогащение словаря детей за счет разучивания новых словесных игр, расширять знания детей по основным лексическим темам.
- развитие познавательных процессов - внимание, воображение, память, мышление детей
- повышение компетенции родителей в вопросах речевого развития детей.

Первые годы жизни ребенка - это сенситивный период к усвоению речи и имеют решающее значение для дальнейшего его развития.

**Ожидаемые результаты:**

для детей: ребенок понимает почти все слова, которые произносит взрослый, называет окружающие его предметы, делает первые обобщения. Понимает и выполняет инструкции взрослого относительно совместных действий;

для родителей: повышение компетенции родителей в вопросах речевого развития детей, овладение игровыми средствами, методами и приемами активизации речевой активности через различные виды деятельности.

В данном пособии родителям предложены следующие разделы: «Особенности формирования речи у детей раннего возраста», «Создание условий для речевого развития», «Использование игровых технологий для развития речи детей раннего возраста», «Роль взрослых в формировании речи ребенка».



## ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ РЕЧИ У ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА

В первом полугодии формируется речевой слух, а сам ребенок при радостном оживлении издает звуки, называемые обычно «гулением».

Во втором полугодии возникает лепет, в котором можно различить некоторые повторяющиеся звуковые сочетания, связанные чаще всего с действиями ребенка. Лепет обычно сочетается с выразительной жестикуляцией.

К концу 1 года ребенок понимает 10-20 слов, произносимых взрослыми, и сам произносит одно или несколько своих первых слов, сходных по звучанию со словами взрослой речи. С появлением первых слов начинается новый этап в психическом развитии ребенка. Она открывает возможности для управления своим поведением и новых форм общения.

По данным российского ученого Е.А. Аркина, рост активного словаря характеризуется следующими количественными особенностями.

- 1 год – 9 слов;
- 1 год 6 месяцев – 39 слов;
- 2 года – 300 слов;
- 3 года – до 1500 слов.

На втором году жизни у ребенка возрастает интерес ко всему окружающему: он хочет все увидеть, познать, взять в руки. Эти желания превышают возможности ребенка и он вынужден обратиться за помощью к взрослому. Ребенок понимает почти все слова, которые произносит взрослый, называя окружающие его предметы.

Речевая активность ребенка резко возрастает. Расширяется круг его общения — он уже может общаться с помощью речи не только с близкими людьми, но и с другими взрослыми, с детьми.

Произнесение ребенком слов сопровождается, как правило, жестом и мимикой. Скорость овладения активным словарем в дошкольном возрасте протекает индивидуально. Особенно быстро пополняется словарь в последние месяцы второго года жизни.

Исследователи приводят разные данные по количеству слов, употребляемых ребенком в этот период, что указывает на большую индивидуальность в темпе развития речи. К концу второго года жизни, формируется элементарная фразовая речь.

Существуют также большие индивидуальные различия в сроках ее появления. Эти различия зависят от многих причин: наследственностью, состоянием слуха, условий воспитания.

Элементарная фразовая речь включает в себя, как правило, 2-3 слова, выражающие требования ("мама, дай", "папа, иди", "пить хочу").

Если к 2,5 годам у ребенка не формируется элементарной фразовой речи, считается, что темп его речевого развития начинает отставать от нормы. Для фраз конца второго года жизни характерно то, что они большей частью, произносятся в утвердительной форме и имеют особый порядок слов, при котором "главное" слово стоит на первом места.

Речь тесно связана с практической деятельностью, осуществляемой совместно со взрослыми и сверстниками, и чаще всего протекает в форме диалога. Важная роль в ее формировании принадлежит взрослому, который знакомит ребенка с примерами такой речи, ее эталонами (сказки, рассказы).

Важным направлением в развитии речи детей является появление ее новых форм. Ситуативная речь, появившаяся в раннем возрасте, не отражается еще в речевых формах. Она понятна при учете ситуации, с опорой на невербальные средства (жесты и мимика). Эта речь выступает в форме диалога и связана с чувственным опытом.

Диалог как форма речевого общения имеет чрезвычайно большое значение, так как способствует развитию социальных отношений у детей. Посредством диалога дети привлекают друг друга к общей игре, установлению контакта с окружающими. Некоторые дети не умеют поддерживать разговор ни со сверстником, ни взрослыми. В подобных случаях взрослые привлекают ребенка к таким играм, где есть роли для разговаривающих детей, темы разговора подсказываются ситуацией игры или привлекают к заучиванию маленьких сценок из сказок.

